



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өтетін «**АБАЙ МҰРАСЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ**» атты ON-LINE негізіндегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

АЛМАТЫ, 2020

Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
Сарбасов Болатхан Серғазыұлы

Ғылыми редакторлар:  
Көшекова А.А., Каримова Г.С.

Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткен «Абай мұрасы – рухани жаңғырудың қайнар көзі» атты ON-LINE негізіндегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 12 мамыр 2020 жыл. – Алматы: Қыздар университеті, 2020 – 2011б.

**ISBN 978-601-341-464-5**

Жинаққа Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткен «Абай мұрасы – рухани жаңғырудың қайнар көзі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізіліп отыр.

Ғылыми жинақ әдебиеттанушы ғалымдарға, университеттегі мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына, абайтанушы ғалымдарға және мектеп ұстаздарына арналған.

түйіні. 1985 -86 жылдарда жазылған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдері өз заманының, қоғамының озық ойлы ақынының елін, жұртын білім-ғылымға үндеуі, адамзат өркениетінің көшінен қалмауға шақыруы - ұлттық мұрат, халықтық мақсат жолындағы ізгілікті күресінің идеялық тұғыры. «Алыста болсаң, іздеп тап, Кореннойға кіруге»-деген көкейіндегі арманын да аңдатады. Осы өлеңдегі «коренной елің», «туған жұртың, тұрғылықты жерің» деген мәністі мензейді [3]. А.Шәріп). Біз бұдан, ақынның «Счетың тура»- «есебің түгел» болсын десен өз еліңе, туған жұртыңа, халқыңа қызмет қыл деген аңсарлы ойын оқимыз. М. Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Абайдың өсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі» болатын-ды. Абайдың «Адам болсам десеніз» тезисі бойынша көтерген көкейкесті мәселесі, басты мақсаты-ұлт болашағы жастардың бойында әділеттік, адамдық, имандылық қасиеттердің қалыптасуындағы білім-ғылымның аңызын терең таныту болды.

Асан қайғыдан Бұхарға дейінгі дәуір жаугершілік, шапқыншылық кезеңі болды, сондықтан импровизациялық кеңістікте туған жыр-толғаулардың мазмұнының тереңдігі мен деректілігі толғау жанрының бар талабына сай болғанмен құрылымы ерікті ұйқасқа құрылғандықтан кемшін соғып жатқан тұстары да болды.

Абайға ықпал етіп, оның ақындық өсу жолына игі әсерін тигізген жыраулардан тек Асан қайғы мен Ақтамберді жырауды ерекше бөліп қарастырдық. Абайдың нағыз ақын болып қалыптасуына сол заманның сөзге ұста биі мен шешені, өлеңге жақын жыршысы айтқандықтай демеу болды дегенімізбен, негізгі нәр, өлеңге деген құмарлық Абаймен тікелей қатынаста болған ақындардан келетіні дау тудырмаса керек. «Бала Абайдың санасына ақынның алғашқы дәнін еккен өз ауылының ақыны Байкөкше, көрші елден Дулат, Сабырбайлау кейіннен замандасы Қуандық сынды ақындармен рухани селбесулер Абайдың ақындық жолында айтарлықтай азық болды» [4]. Жалпы ақын ортасы туралы ғылыми ой-пікірлер төңкеріске дейін көрініс берсе, бұл тақырыпты Абайдың тікелей айналасымен байланыстырып, ақынның өзгеден алған нәрі мен өзгеге берген рухани көздер - берген нәрі деп екі салаға бөліп қарастырған М.Әуезов болды. Ақынға ықпал еткен рухани көздер - ауыз әдебиетімен қатар, көне түркі әдебиеті мен орта ғасыр, Алтын орда дәуірі мен хандық дәуір әдебиеті, би-шешендер мен айтыс ақындары, сонымен бірге өз ортасы мен туалысы. Ақынды бесіктен тәрбиелеген өз әулетінен бастап, маңайындағы үлкенді-кішілі ақындар мен би-шешендер оның ақындық өнер жолына белгілі бір дәрежеде бағыт-бағдар, үлгі-өнеге болды. Біз шағын мақаламызда ақынның тек жыраулық поэзия өкілдері Асан қайғы мен Ақтамберді жырау толғауларымен үндестік сарынын сөз еттік.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абылқасымов Б. Жырау. Кітапта: Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т.Шаңбаев) Аламты: «Ана тілі», 1998. - 84 б.
2. Қожағұлов С. Айтарын айтып кеткен...«Ел Назар» журналы. 2016, №1.
3. Шәріп А. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ жанындағы «Абай институты» аяйты 4.
- Ерденбеков Б. Абайдың әдеби ортасы тақырыбының зерттелу аясы.// Шәкәрім әлемі, 2007, №3, Б.83-89.

#### АБАЙ ЖӘНЕ БІЛІМ-ҒЫЛЫМ МӘСЕЛЕСІ

**Жақсымбетов Бағдатжан Пармашұлы**  
Қазақ ұлттық ақпараттық университеті,  
қауымдағырылған профессор  
**Шортанбаев Ісмаған Амангелдіұлы**  
Аға оқытушы

Қазақ даласы өз ұлтының ұлы мүддесі үшін жан аямай қызмет еткен перзенттеріне кенде емес. Олардың бірқатары мемлекеттің тұтастығы үшін күрессе, енді бірі ұлтының рухани

азаттығы мен кемелдігі жолында еңбектерін сарп етті. Сөзсіз екі бауырлардың өмірінде өз тарихында өз орындарын тапты. Дегенмен олардың өміршең идеяларын жүзеге асыру бүгінгі ұрпаққа аманат. Өзінің бастамашыл идеяларын мен қазаққа ғана емес, әлемге мәшһүр болған бабамыздың бірі – адамзаттың Абайы.

Биылғы жыл Хакім Абайдың мұрасын ұлықтап, бүгінгі жеткен деңгейімізді бағалау тұрғысынан мерейлі болмақ. Дана бабамыздың 175 жылдық мерейтойының атап өтуіне мемлекеттік тұрғыдан мән берілуі мерейтойдың маңыздылығын оның әрі арттырып отыр. Әрине Абай Құнанбаевтың осы мерейтойын лайықты атап өту ұлттық болмысты сақтап, жаһандану дәуіріндегі рухани құндылықтарымызды ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие екенін атап өтуіміз керек. Мерейтойдың еліміздің әр аймағында аталық ерлерінің өтілуі де ортақ түсінікпен ұлттық идеологияның қалыптасуына әсер етері сөзсіз. Тарихи сабақтастығынан жаңылмаған еліміздің бұл игі шараны өз деңгейінде өткізуі өзінің халықаралық саяси аренадағы орнын нақты белгілей алған Қазақстанның бүгінгі қарқынды дамуымен қатар, рухани мұрасына деген ыждаһаттылығын барша әлемге тағы бір танытты. Сондықтан 30 іргелі елдің қатарына енуді болжап отырған еліміздің Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойын атап өтуі аса маңызды деп айтуға толық негіз бар. Бұл тәуелсіздігіміздің іргесінің беріктігінің ғана емес, бірлігі бекем, даму қарқыны алға арындағандығы еліміздің ата-бабалар аманатына деген адалдығы мен құрметтінің белгісі деп түсіну қажет.

Абай Құнанбаев XIX ғасырдағы Қазақстанның ірі орталықтарының бірі саналған Семей қаласына жақын Шыңғыс тауының баурайында 1845 жылы дүниеге келген. Әкесі Құнанбай елге сыйлы, болыс болып ел басқарып, қара қылды қақ жарып әділ шешім шығарған тұлға ретінде тарихта қалған жан. Ең бастысы әкесі Құнанбай өз бойындағы кеменгерлік пен рухани құндылықтарды Абайдың бойына сіңірді. Абай сол қасиеттерді заман ағымына сай түсініктермен ұштастырып, қазақ болмысы мен болашақ басымдылықтары туралы бастамашыл идеяларын өмірге әкелді деп айтуға толық негіз бар. Абайдың кеменгер болып қалыптасуының бір ерекшелігі оны қоршаған адамдардың да көпті көргендігі деп айтсақ қате болмас. Әжесі Зере мен анасы Ұлжан да Абайдың қалыптасуына зор ықпал еткен ақылды тұлғалар болған. Оған қоса Семейде білім нәрімен сусындаған Абай уақыт өте бүгінгі ұрпақтың баға жетпес байлығына айналған мол мұрасын өмірге әкелді [1, 5 б.]. Шығыс тілдерін жетік үйреніп, орыс тілін де бір адамдай менгерген. Осының арқасында шын ғыс дүниетанымы мен батыс өркениетін ұштастыра алған. Бұл бабамыздың дүниетанымын кеңейтіп, білімінің қраттарымен танысуы, шыңдалуына көп әсер етті. Семей жерінде айдауда жүрген орыс демократтарымен өз қадірін біліп, өзінен терең ізденістер мен тынбай еңбек студің пікір алмасуы да оның жан-жақты болып қалыптасуына оң әсер еткен. Ұрпақтың азамат болып кейін өлмейтұғын сөз қалдыруының сыры да осы терең ізденістер мен ұрпақтың азамат болып нәтижесі. Абайдың даналық сөздері мен өміршең ойлары өскелең ұрпақтың азамат болып қалыптасуының негізгі бағдарына айналуы тиіс. Әрине Абайдың шығармаларын астырып, баға беруге қажет.

XXI ғасырдағы еліміздің ғана емес, әлемнің ден қойған саласын ірі мемлекет дамуында жетекші орын алатын маңызды факторлардың қатарына сөзсіз білдірі және білім беру ісі жатады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жастардың және еліміздің басты капиталы – сапалы білім» деген қатты сөздері бәсекеге қабілетті білімге ие болу – жетістіктің басты қағидасы екендігін ұғындыруы тиіс. Сол білімнің қайнар бұлағы мен білім жолындағы алғашқы қадам мектептен басталады, оның шыңдалуы мен дамуы сөзсіз тұлғаның жеке ізденістері мен мемлекет қамқорлығымен бірге білгіз байланысты. Осы ретте дана Абайдың білім туралы ой-толғамдары мен бастамашыл идеяларының мәнін айқындап, оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және болашақ даму бағдары ретінде ұсынудың маңыздылығы арта түспек.

Білімнің адам өміріндегі алар орнын Хакім Абай терең ұғынған жан. Олай деп айтуымызға бабамыздың өлеңдері мен кара сөздерінде жастар және жастық шақ, білім мен ғылым турасында мәселелердің орынды көтерілуі дәлел бола алады.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім – деп келетін жыр жолдарының білім алудың ең бір қауырт кезеңін ұғындырғандай [2, 26 б.]. Рас «Жас кезінде алған білім тасқа басқан мөрмен тең» демей ме дана халқымыз?! Сол себепті еліміз егемендікке қол жеткізген тұстан бастап жастар және білім мәселесіне толыққанды көңіл бөліп, мемлекетіміздің басты стратегиялық бағдарына айналды. Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Жастар – еліміздің ертеңі және баянды болашағымыздың басты кепілі. Жастарды қолдаудың түрлі мемлекеттік бағдарламалары қабылданып, жастардың әлемнің озық университеттерінде білімдерін шындауына жағдай жасалды.

Сөзсіз білім мен ғылымды кез-келген жаста игеруге болады. Алайда жастардың білімге ұмтылысы мен оның нәтижелілігі кез-келген жастан артығырақ кендігі түсінікті. Ол турасында Абай:

Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,

Қартаймастай көрмелік, ойланалық.

Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,

Дейміз бе ешнәрседен құр қалалық, – деп ой қорытады [2, 3 б.]. Сонымен қатар, «Жастықтың оты қайдасың» атты өлеңінде:

Жастықтың оты, қайдасың,

Жүректі түртіп қозғамай?

Ғылымның біліп пайдасын,

Дүниенің көркін болжамай, – деп жастық шақ білім алып, ғылым жолын бағындыруға арналуы тиістігін көрсетеді [4, 54 б.]. Мұндай ой Абайдың тәрбиесі көрген Шәкәрімнің шығармаларынан да кездестіруге болады. Мысалы Шәкәрім жастық шақ туралы кеңінен сөз ете келе,

...Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,

Өкініш қалмайды кетсе ағатың.

Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,

Қалсын десең артыңда адам атың, – деген болатын.

Абай адамдарды бір-бірінен ажыратудың басты факторы ретінде білім, ғылымды алға тартады. Өзінің он үшінші қара сөзінде «...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деп нақты көрсетеді [3, 36 б.]. Сонымен қатар «Біреуден – біреу артылса» атты өлеңінде:

Біреуден-біреу артылса,

Өнер өлшеніп тартылса,

Оқыған, білген – білген-ақ,

Надан – надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,

Надандай болмас ақ көзді.

Надан жөндіге жөн келмей,

Білер қайдағы шәрғезді, – деп өзінің ойын ортаға салады [2, 87 б.]. Абай түсінігіндегі білімді адамның көрсеткіші әр сөзге мән беріп, сөздің сарасын сезін алушылық болып табылады. Сонымен қатар «...Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы» деген өлең жолдары да орынсыз сөз саптау, артық сөйлеу білімсіздіктің белгісі екендігін ұғындырады. Демек білімді адамның басты қасиеті орынды әр сөзді көңілге қонымды, бағдар беруге қауқарлы сөз айта білу. Өйткені өзінің өлеңдерінің бірінде:

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз, – деген. Демек білімді адамнан шыққан іліміне толы сөзді түсіну үшін де тыңдаушыға талаптар қояды. Әрине білімді адамды тыңдағанның барлығы бірдей даналық пен білімділіктің шыңына шыға беруі заңдылық емес. Білімді адамның айтар ойы мен мағынасын көңіліне тоқитын тыңдаушының көкірек көзі ашық болуы шарт екендігін

ұғындырады. Білімді адамның айтқан сөзінің түп мағынасы мен нұрғын сезіну үшін кеудеде сәуле немесе көкірек көзі ояу болуы шарт. Бұл ретте кеудедегі сәуле мен көкірек көз тыңдаушыға дұрыс бағдар сілтейтін ішкі түйсік деп қабылдауға болады.

Абай Құнанбаев өзінің он тоғызыншы қара сөзінде білімді адам болудың құпиясымен бөлісіп, «Адам ата-анадан туғанда есі болмайды: естіп, көріп, ұстап, тытып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болғандықтан адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деп жазып отырады [3, 45 б.]. Бұл дегеніміз білімді адамның айтқанын ыждаһаттылықпен ойға түйіп, көңілге ұялату арқылы да адам баласы білімділіктің кемелдігіне ие болуға мүмкіндігі бар.

Бүгінгі технологиясы дамыған қоғамның кез-келген саласының алға жылжуы сөз жоқ білімді адамдардың нәтижелі қызметтерімен тығыз байланысты. Мемлекеттің де баянды болашағы алдымен білімді азаматтарының өсуіне және олардың қоғамға тигізген пайдасының деңгейімен өлшенеді. «Білгенге маржан, білмеске арзан, Надандар білме хара ала алмас» деген Абай атамыздың жыр жолдары да бүгін қанатты сөзге айналды. Атап өтетін бір жайт Хакім Абай білім мағынасына адамзат баласы үшін асыл болған даналық пен парасаттылық, пайым мен зиялы болу ұғымдарын да жатқызады. Ал сол ұғымдар адам баласына оның әлеуметтік тегіне қарап емес, керісінше адам бойындағы талант, ізденіс пен ынта сынды ұғымдар арқылы орнығатындығын атап өтеді. Ал білімді болуға кері әсер ететін факторлар қатарына білгеннің тілін алмау, жалқаулық, немқұрайлылық сынды надандыққа бастар жолдарды айрықша атап өтеді. Мысалы «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос,  
Талаптың дәмін татуға.  
Білмеген соқыр,  
Қайғысыз отыр,  
Тамағы тойса жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім күн емес.  
Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тіліңді алмас,

Көп наданнан түңілдім, - деп толғаған. Осы өлең жолдары арқылы адам баласына білім шыңын бағындыруға септігін тигізетін талап ұғымын атап өтеді. Ал білімсіз адамды соқырға балаған. Әрине соқыр ұғымы тікелей мағынасында емес, көкірек көзі ашық адам ұғымына қайшы ұғым ретінде түсіндірген. Тіпті Абай көкірек көзі ашылмаған, күндесінде сәулесі жоқ адамды соқыр емес, өлген адамға теңеген. Мысалы «Сәулең болса кеудеде» деген өлеңінде:

Сәулең болса кеуденде,  
Мына сөзге көңіл бөл.  
Егер сәулең болмаса,

Мейлі тіріл, мейлі өл, - деп қайырады. Білімсіз адамның бір сипаты ретінде ізденіс емес, керісінше қарын тойдыруды көздеген жалқаулықты атап өтеді. Рас Абай заманында өзекті болған мәселелер күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жоя қойған жоқ.

Бүгінгі таңда интернеттегі дайын мәліметтер жағдайында білім алушылардың білім алуға деген ізденісі мен кітап оқуға деген құлшынысы азайып бара жатқандығы шындық. Рас білімге құмартып, оның бастауы болған кітап оқуға құмарту – білімді болудың басты алғышарты. Ол турасында ақын өзінің жұмбақ өлеңінде:

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,  
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.  
Жан құмары дүниеде немене екен,

Соны білсең, әрнені білгендерің, - деп адам баласы үшін осы дүниедегі жан құмары болған дүниені жұмбақтап, оның шешімін жоғарыда атап өткен ізденімпаздық, білімге құмарту деп табады. Осы өлең жолдары арқылы ақын жастарды талапты болып, білім жолында үнемі ізденімпаздық танытуға шақырады [4, 82 б.].

Ізденімпаздық мәселесі ақынның отыз екінші кара сөзінде де жаңа сый айшықталады. Осы кара сөзінде адамның өзіне бейтаныс болған дүниені білуге деген құмарлықты білмек деп атап оның сипаттары мен шарттарын «Білім-ғылым үйренбекке талапты қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас. Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім - ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді білмегенінді білім - ғылымның өзіне білмегенінді білген тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайдалануға болады. Сонда әрбір білмегенінді білген естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жаңа білмегенінді білген ой тұжырымдаған. Рас адам бойында білімге деген қызығушылық болса ізденімпаздықтан нәтиже шығару қиын-ақ.

Абайдың өлеңдерінде адам баласы білім алып, сауатын ашудағы басты мақсаты ұлтқа қызмет ету мүддесімен байланысты болуы керек деп санаған. Өйткені ол тұста көп қазақтың арасында «шен алу» мақсатын көздеген жандардың болғаны да рас. Олар турасында өзінің өлеңінде:

Аз білгенін көпсінсе,  
Көп қазаққа епсінсе,  
Кімге тиер пайдасы?  
Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой,  
Я тілмаш, я адвокат  
Болсам деген бәрінде ой,

Көңілінде жоқ санасы, - деп ой қорытады. Мұндай теріс пиғылды жандардың ішкі мақсатының дұрыс болмауының басты себебі ретінде ата-бабадан келе жатқан дәстүр жалғастығының бұзылуынан деп табады. Рас ақын өмір сүрген уақытта қазақ даласындағы патшаның отарлық саясатының күшейіп тұрған шағы болып табылады. Отарлық саясат тек қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алу ғана емес, рухани өмірді де қалдыртыған. Орыстандыру, христиандандыру саясаты қатар жүріп, қазақтың қадірін қашыруға әкелді жүйелі жүргізілді. Мысалы сол жоғарыда келтірген «Интернатта оқып жүр» атты өлеңінде:

Интернатта оқып жүр,  
Талай қазақ баласы –  
Жаңа өспірім, көкөрім  
Бейне қолдың саласы.  
Балам закон білді деп,  
Қуанар ата-анасы,  
Ойфнда жоқ олардың

Шариғатқа шаласы, - деп күйінеді [5, 17 б.]. Рас қазақтың дәстүрі мен салты шариғат талаптарымен біте қайнаскандығын ескерсек, бұл тізбектің бұзылуы сөзсіз жоқ халықтың рухани өміріне де теріс әсер етті. Мұндай үрдіс еліміздің егемендік алуымен бірге сап тиылды десек асығыстық болар. Жаһандану жағдайында әлемнің озық технологияларын меңгерумен қатар, біз өзге елдердің мәдениетімен де етене бола түсіп, ұлттық дүниетанымымызға өзгерістерді енгізудеміз. Ұлттың ұлт болып сақталуының басты құпиясы Абай айтқандай ұлттық құндылықтарға мән беріп, олардың насихатталуына жағдай жасау болмақ.

XIX ғасырда дүниеге келіп, артынан өлмес даналық сөздерін жазып кеткен Абай атамыздың өлеңдеріндегі білім турасындағы ой-пікірлері күні бүгінге дейін өзекті әрі бір мақаланың қамту аясына сыймасы анық. Ең басты данышпан бабамыздың айтқан ойларын тек

жатқа айту емес, өмірлік бағдар мен ұлттық идеологияның өзегіне айналдырылған жағдайда ғана жетістікке жететінімізді білетін уақыт келді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байғалиев Б. Абайдың өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы, 1995. – 210 б.
2. Мырзахметұлы М. Абайтану. – Астана, 2014. – 239 б.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қара сөздері. – Алматы, 1956. – 152 б.
4. Абай. Өлең сөздің патшасы: лирикалар. – Алматы, 1971. – 95 б.
5. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы, 2007. – 248 б.

### АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫС ТҮРЛЕРІ

*Құсманова К.А.*

*Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ  
Өскемен қаласы, Қазақстан*

Түркітануда зат есімдердің өзара тіркесіп, анықтауыш қатынасы білдіру изафет деп танылып, оның үш түрлі типі болатыны белгілі: 1) Ілік жалғаулы зат есіммен тәуелдік жалғаудың тіркесі. 2) Ілік жалғаусыз зат есіммен тәуелдік жалғаулы зат есімнің тіркесі. 3) Жалғаусыз байланысқан зат есімдердің тіркесі.

Изафет II туралы ғалым С.М. Исаев «Қазақ әдеби тілін туралы ғалым С.М. Исаев «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуында» деген еңбегінде жартылай матасу деп атап, мынадай анықтама береді: «Мерзімді баспасөз тілінде ілік жалғаусыз құралған изафет II деп аталатын тіркестердің қолданылуы жанадана түсті. Біз ондай тіркестерді (ілік септік жалғаусыз сөз+тәуелдік жалғаулы сөз) жартылап матасу деп атадық. Өйткені матасу мен оның генетикалық байланысы сөзсіз. Олар: кеңестер үйі, қосшы ұйымдар... б». [1; 167].

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте изафет терминіне төмендегідей анықтама береді. Изафет(араб.аль-идафату-қосымша) – кейбір иран және түркі тілдеріндегі атрибутивті құрылымдардың типін белгілейтін термин. Иранистикада изафет термині анықталатын сөздің және анықтауыштың эклетикалық көрсеткіш арқылы қосылуын білдіреді. Парсы, тәжік және тағы басқа тілдерде бұл көрсеткіш өзгермейді, мысалы, тәжік тілінде –и: «китоби –и хуб» - «жақсы кітап». Түркологияда изафет термині қатар келген екі зат есім арқылы берілетін анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі дегенді білдіреді. Түрік тілінің изафет құбылысын зерттеген ғалым С.С.Майзель зат есімнен басқа да сөз таптары, зат есімге айналып субстантивтенсе, изафет бола алатынын айтады. Яғни зат есіммен бірге жасайтын кез келген сөз не изафетке дейін есім болады, не изафеттен кейін зат есімге айналады. Түркі изафетінің үш түрі бар. Бірінші, мүшелердің ешқандай көрсеткішсіз байланысы. Мысалы, «Темір қақпа, алтын сақа, күміс қасық». Екінші, анықталатын сөздің тәуелдік жалғауының үшінші жағында келуі. Мысалы, «Қазақ тілі, университет студенті, оқу жүйесі». Үшінші, ілік анықтаушы мүше ілік септігінде, анықталушы мүше тәуелдік жалғауының үшінші жағында келуі. Мысалы, «Студенттің кітабы, баланың күнделігі, ағаштың жапырағы» және т.б.

Изафет түрлері тұлғалық жағынан ғана емес, семантикалық-синтаксистік ерекшелігі жағынан да әр алуан. Бірінші изафет анықталатын сөздің тұлғасын, қасиетін, қызметін т.б. анықтайды. Екінші изафет мағынасы – белгінің сапаның затқа қатысы. Үшінші изафет – меншіктілік қатынасты білдіреді, валентілікке тікелей байланысты болады. [2; 4].

Біз айтыс ақындарының тіліндегі изафет III, изафет I қарастырмаймыз. Тілдік жағынан өзіндік ерекшеліктері бар және ақындардың айтысында ең көп қолданылғаны изафет II. Айтыс өлеңдерінде матаса байланысқан сөзтіркестері жиі байқалады. Ақындардың тілінде ілік септік тұлғасымен тәуелдік жалғауының байланысынан тұратын, яғни, ілік септігінің жалғауы түсірілмейтін түрінде де, ілік септігінің тұлғасынсыз тәуелдік жалғаумен тіркес үлгесі ретінде кездеседі. Мысалы, Біржан сал:



## МАЗМҰНЫ

### I БӨЛІМ

#### АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Аршабеков Н.Р. Алғы сөз.....	3
Ali Abbas ÇINAR Abay'in şiirlerindeki düşüncelere kısa bakış.....	4
Мәдібаева Қ.Қ. Абай мұрасы - ұлт мұрасы.....	7
Қорабай С. Абай – Қазақ поэзиясының ренессансы.....	19
Каринбаев Ж.Ә. Құнанбай әулеті және поляк зиялылары-ұлттаралық баулануының объектісі ретінде.....	21
Қожағұлов С.Қ. Ұлт ақынының рухани мұрасы.....	29
Елекенова Р.А. Абай бейнесі бейнелеу өнерінде.....	33
Ақтанова А.С. Абай және адамзат: XXI ғасыр .....	36
Уахметова Б.М. Абайдың музыкалық мұрасы.....	38
Санақбекқызы Н. Абайтануға ғылыми жол салған тұлға.....	42
Қанабекова М.Қ. Абай сөзі – рухани сана жаңғыруының кепілі.....	45
Жанақова Н.Т. Абай – би әрі заңгер.....	49
Қараменді М. Абай мұрасы.....	52
Байсыдық И.Б. Абай қара сөздеріндегі мінез сипаты атаулары туралы.....	54
Бегманова Б.С. Абай және қазіргі қоғамдық процесс.....	57
Ақан Г. Абай дүниетанымындағы соқраттық ойлау.....	60
Кошекova А. А., Ертаева П. Абай туындыларындағы шешендік.....	64
Картаева А., Асхар А. Абайдың шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеулерінде.....	67
Картаева А., Бакытова А. Абай және Шәкәрім үндестігі.....	70
Айтбаева А.Е., Оралова Г.С. Абай шығармаларындағы әйелдер бейнесі.....	73

### II БӨЛІМ

#### АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Зайкенова Р.З. Абайды тану – өзіңді тану.....	75
Әділбекова Л.М. Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек.....	78
Сарбасов Б.С. Абай мен Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы рухани бағабақтастық.....	80
Жанұзақова Қ.Т. Абай шығармаларындағы романтикалық рух.....	82
Картаева А., Қабылбаева Г. Абай мен Шәкәрімнің толық адам танымындағы көркемдік тұтастық.....	85
Картаева А., Жетпісбаева Р. Абайтану саласындағы Зәки Ахметовтің ғылыми ұстанымдары.....	88
Келгембаева Б.Б., Қалиахметова Ш. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық идея.....	91
Сарбасов Б.С., Сарбасова И.С. „Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы рухани үндестік.....	94
Айтбаева А.Е., Қожекеева Б.Ш. Иран-Ғайып Оразбаев лирикасындағы Абай дәстүрі.....	97
Сұлтанова Б. М. Абай қарасөздеріндегі ұлттық дүниетаным.....	100
Сұлтанова Б. М., Тулеубаева М.Е. Ақындар шығармаларындағы көріктелу тәсілдерінің көркемдік қызметі.....	104
Дәуітұлы Т. Абай – Ақыт, Таңжарық!.....	108
Турганбаева Т.Т. Абай- елдік мұраттың айнымас темірқазығы.....	112
Тұмабаева М.Б. Абайдың гуманистік мақсат- мұраты.....	115

Унайбаева С. Қ., Балтабаева Г.С. Отбасылық сарындардың ұлттық образ жасаудағы рөлі.....	118
Бегманова Б.С., Дәулеткелді Н. М. Райымбекұлы поэзиясындағы Абай әстүрі.....	121
Елекенова Р. Көненің көзіндей киелі қарашаңырақ.....	125

### III БӨЛІМ

#### «АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛІМДЕРІ

Жұмақаева Б.Д. Абай шығармашылығын оқытудың өзекті мәселесі.....	128
Ералиева Т.Е., Қосназарова С.Д. Ж.Баласағұн, А. Йүгнеки және Абай шығармаларындағы сөйлеу әдебі .....	132
Қажыбекова А. С. Абай поэзиясындағы жыраулық сарын.....	136
Жаксымбаев Б. П., Шортанбаев Ш.А. Абай және білім-ғылым мәселесі.....	139
Құсманова К.А. Айтыс өлеңдеріндегі сөз тіркестерінің байланысу түрлері.....	144
Абдирасилова Г.Қ. Тілдік әдеби норма және поэтикалық тіл.....	147
Ибраимова Б.С. Студенттердің коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруда фразеологиялық бірліктерді қолдануы.....	150
Оразбаева А.С. Шетел тілін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының тілдік қабілетін дамыту.....	157
Беркутбаева М.З. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.....	161
Нурбекова Г.С. Туынды сөздерді білім беру үдерісінде оқытудың лексико-семантикалық сипаты.....	164
Утебергенова Г.К. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы отбасы тәрбиесі туралы ой-толғамдар.....	167
Омарғазы А.М. «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» жырындағы топонимдердің тілдік сипаттамасы.....	167
Амангелді А., Дауленбаева М.Б. Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру.....	171
Тұлеуова Г., Сарбасов Б.С. Көне мұралардағы ағаш тотемі.....	174
Нұрбақыт Б., Абдирасилова Г.Қ. М.Жұмабаев шығармаларының тіл ерекшелігі.....	178
Халелова Э.Е., Абдирасилова Г.Қ. Оқушыларға жаттығу жұмыстары арқылы сөз мәдениетін игерту жолдары.....	181
Серікбек Н., Көшекова А.А. Ақын жанының айнасы – асқақ рухты жыр.....	184
Сұлтанова Б. М., Қанатбекова Н. Классикалық қазақ драмасының ерекшеліктері.....	187
Ерахметқызы Ж. Тұманбай Молдағалиев шығармаларын Google forr s және Google seit бағдарламалары арқылы қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері.....	191
Сүгірбекова А.І., Тұрысбек Р.С. «Абайтану» оқу-әдістемелік электронды мультимедия құралы.....	196
Жанайдарова А.Б. Қасым Қайсеновтің деректі прозасы.....	200
Есмаханова Г. Н. Абай ілімі – ұлт болашағы.....	204
Беркутбаева С.З. Абай мен Шәкәрім тағылымы – рухани жаңғыру келілі.....	207

*Ғылыми басылым*

**Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының  
175 жылдығына орай өткен «АБАЙ МҰРАСЫ - РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ» атты Халықаралық ғылыми-  
практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

*Алматы, 12 мамыр 2020 жыл*

**ISBN 978-601-341-464-5**

*Басуға 20.06.2020 жылы қой қойылды. Формат 60/84 Көлемі 13.0 б.т.*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

*«Қыздар университеті» баспа үйі  
Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 116*